

"2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 838 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулыға 25-қосымша, мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 26-жолмен толықтырылсын:

26	Талдамалық зерттеулер жүргізу жөнінде қызметтер көрсету	Саясаттың басым салаларды айқындау және қазақстандық заңнаманың Экономикалық Ғылымдар және Даму Ұйымының стандарттарына сәйкестігін талдау; Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Экономикалық Ғылымдар және Даму Ұйымының негізгі комитеттері қатарынан толық мүше/ тұрақты байқаушы мәртебесі алу бойынша алдын-ала ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Экономикалық Ғылымдар және Даму Ұйымына мүшелікке кіруі жөніндегі іс шаралар жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	"Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ"	0 0 1 " Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету"	10000
----	---	---	---	---	---	-------

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов